

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ  
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ \_\_\_\_\_ заңды  
құқық иелік етушісі  
Алғашқы тіркеліс күні \_\_\_\_\_ 2020 ж. 06.20  
ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА  
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ  
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ  
процедура государственной перерегистрация  
юридического лица \_\_\_\_\_ 2020 ж. 06.20  
Дата первоначальной регистрации \_\_\_\_\_ 2019 ж. 06.20  
БСН/БИН \_\_\_\_\_ 271040000210

Жалғыз акционердің шешімімен  
**БЕКІТІЛДІ**  
("Қазақстан Халық Банкі" АҚ  
Директорлар кеңесі сырттай  
отырысының 01 шілде 2020 жылғы  
№ 39 хаттамасы)

**"Halyk Global Markets"**  
**акционерлік қоғамының**  
**ЖАРҒЫСЫ**  
**("Қазақстан Халық Банкі" АҚ еншілес ұйымы)**

Алматы қ.  
2020 жыл

СМОТРИТЕ  
НА ОБОРОТЕ

Осы "Halyk Global Markets" акционерлік қоғамының, бұдан әрі – Қоғамның ("Қазақстан Халық Банкі" АҚ еншілес ұйымы) жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарының қалыптасу тәртібі мен құзыретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру мен тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді анықтайды және Қоғамның жалғыз акционерінің шешімімен бекітілген Қоғамның жарғысын алмастырады ("Казкоммерцбанк" АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 5.9 хаттамасы).

Бастапқы Қоғам атауы – "Казкоммерц Секьюритиз" акционерлік қоғамы ("Казкоммерцбанк" АҚ еншілес ұйымы)

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

#### **1-бап. Қоғамның атауы**

1. Қоғамның толық атауы:
  - 1) қазақ тілінде: "Halyk Global Markets" акционерлік қоғамы ("Қазақстан Халық Банкі" АҚ-ның еншілес ұйымы);
  - 2) орыс тілінде: акционерное общество "Halyk Global Markets" (дочерняя организация АО "Народный Банк Казахстана");
  - 3) ағылшын тілінде: Joint-Stock Company Halyk Global Markets (Subsidiary of JSC Halyk Bank).
2. Қоғамның қысқартылған атауы:
  - 1) қазақ тілінде: "Halyk Global Markets" АҚ;
  - 2) орыс тілінде: АО "Halyk Global Markets";
  - 3) ағылшын тілінде: JSC Halyk Global Markets.

#### **2-бап. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері**

3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері – Қазақстан Республикасы, А26F8D4, Алматы қ., Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 240 Г үй.

#### **3-бап. Қоғамның құқықтық мәртебесі.**

4. Қоғамның құқықтық мәртебесі Қоғамның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуімен және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға уәкілетті органның лицензиясының болуымен айқындалады.
5. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң), "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының заңын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы жарғыны және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

## 2-тарау. Қоғам қызметінің мақсаты мен түрлері

### 4-бап. Қоғам қызметінің түрлері

6. Қоғам қызметінің мақсаты рұқсат етілген кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде табыс алу болып табылады.
7. Қоғам қызметінің мәні төмендегілер болып табылады:
  - 1) номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік және дилерлік қызмет;
  - 2) ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет;
  - 3) бағалы қағаздар нарығындағы қызметке байланысты мәселелер бойынша кеңес беру және ақпараттық қызметтер көрсету;
8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

## 3-тарау. Қоғам акционерінің құқықтары

### 5-бап. Қоғам акционерінің құқықтары

9. Қоғамның жалғыз акционері құқылы:
  - 1) Заңда және (немесе) осы жарғыда көзделген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысуға;
  - 2) дивидендтер алуға;
  - 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның жалғыз акционерімен немесе осы жарғыда айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
  - 4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан Қоғамның бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын көшірмелер алуға;
  - 5) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;
  - 6) Заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, Қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірген залалдарын Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс жасау) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде олар алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен сот органдарына өз атынан жүгінуге;
  - 7) Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының жеке мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақы мөлшері туралы бір мезгілде келесі шарттар болған кезде ақпарат алуға:

Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының осы мүшесінің Қоғамның жалғыз акционерін оның (олардың) не оның үлестес тұлғаларының пайда (табыс) алуы мақсатында қасақана жаңылыстыруы

фактісін соттың анықтауы;

егер Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының осы мүшесінің теріс пиғылды іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі Қоғам шығындарының туындауына әкеп соқтырғаны дәлелденсе;

- 8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауалдармен жүгінуге және Қоғамға сауал түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауап алуға;
  - 9) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
  - 10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын Заңда белгіленген тәртіппен басымдықпен сатып алуға;
  - 11) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау үшін кандидатураларды анықтауға;
  - 12) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
  - 13) аудиторлық ұйымның өз есебінен Қоғамның аудитін жүргізуін талап етуге;
  - 14) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы жарғыға сәйкес өзіне тиесілі Қоғамның акцияларын салуға және сатуға құқығы бар.
10. Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

**6-бап. Қоғамның бағалы қағаздары, Қоғамның бір түрдегі орналастырылған акцияларын Қоғамның басқа түрдегі акцияларына айырбастау, Қоғамның акцияларын және өзге де бағалы қағаздарын кепілге салу**

11. Қоғам жай акциялар шығарады. Қоғамның артықшылықты акцияларды шығаруы жүзеге асырылмайды.
12. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы. Қоғамның акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруына Қоғамның жарияланған және орналастырылған акциялары арасындағы айырма шегінде жол беріледі.
13. Бағалы қағаздарды айырбастау шарттары, мерзімі және тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару аңдатпасында көрсетіледі.
14. Қоғамның бағалы қағаздарын оның жай акцияларына айырбастау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
15. Қоғам орналастырылған Қоғам акцияларының бір түрін Қоғам акцияларының басқа түріне айырбастауды жүзеге асыруға құқылы.  
Қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін Қоғам акцияларының басқа түріне айырбастаудың шарттарын, мерзімдері мен тәртібін Қоғамның жалғыз акционері айқындайды.
16. Жалғыз акционер Қоғамның бағалы қағаздарын салуға құқылы.
17. Жалғыз акционердің, егер кепіл шарттарында өзгеше көзделмесе, өзі кепілге

салған Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер алуға құқығы бар.

18. Қоғам өзі орналастырған Қоғамның бағалы қағаздарын келесі жағдайларда ғана кепілге қабылдай алады:
- 1) кепілге берілетін бағалы қағаздар толық төленген болса;
  - 2) Қоғамға кепілге берілетін және оның кепілінде тұрған бағалы қағаздардың жалпы саны, Қоғам сатып алған акцияларды қоспағанда, Қоғамның орналастырылған акцияларының 25 пайызынан аспайтын болса;
  - 3) кепіл туралы шартты Қоғамның Директорлар кеңесі мақұлдаған болса.

#### **4-тарау. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу**

##### **7-бап. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер**

19. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер Қоғамның жалғыз акционері дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдаған жағдайда ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.
20. Қоғам тиісті кезең үшін Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін тоқсан, жарты жыл немесе жыл қорытындылары бойынша және Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі бойынша дивидендтер төлеуді жүзеге асыруға құқылы. Жыл қорытындысы бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Қоғамның жалғыз акционері қабылдайды. Қоғамның жалғыз акционерінің жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде бір жай акцияға дивиденд мөлшері көрсетіледі.
21. Қоғамның жалғыз акционері Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.
22. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу тәртібі мен мерзімдерін Заңда белгіленген талаптар мен шектеулерді ескере отырып, Қоғамның жалғыз акционері айқындайды.
23. Қоғамның жалғыз акционерінің Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде Заңда көзделген мәліметтер болуы тиіс.
24. Жарғының осы бабымен реттелмеген Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеуге байланысты барлық қатынастар Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен айқындалады.

#### **5-тарау. Қоғамның органдары**

##### **8-бап. Қоғамның органдары**

25. Қоғамның органдары мыналар болып табылады:
  - 1) жоғары орган – жалғыз акционер;
  - 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
  - 3) атқарушы орган – Басқарма.

26. Қоғамда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де органдар мен комитеттер құрылуы мүмкін.

**9-бап. Қоғамның жалғыз акционері**

27. Қоғамның жалғыз акционері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша дербес шешім қабылдайды. Жалғыз акционердің мұндай шешімдері жазбаша түрде ресімделуі тиіс.

Қоғамның жалғыз акционері Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған тәртібінде шешім қабылдайды.

28. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) осы жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 5) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 6) Қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін Қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;
- 7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы және шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 8) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 9) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 10) есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 11) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 12) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 13) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

- 14) Заңға сәйкес Қоғам ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту;
  - 15) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;
  - 16) нәтижесінде құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау нәтижесінде оның активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдау;
  - 17) Қоғамның мүдделілігі бар ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылдау;
  - 18) шешімдер қабылдау Заңмен және (немесе) осы жарғымен акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының/жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
29. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, шешімдер қабылдау жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.
  30. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.
  31. Заңға сәйкес акционерлік қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында қарауға жататын мәселелер бойынша шешімдерді Қоғамның жалғыз акционері акционерлік қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу үшін Заңда белгіленген мерзімде қабылдайды.

#### **10-бап. Қоғамның Директорлар кеңесі**

32. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Қоғамның басқару органы болып табылады.
33. Директорлар кеңесінің мүшелерін жалғыз акционер саны 3 (үш) адамнан кем емес құрамда сайлайды. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы жарғыда белгіленеді.
34. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.
35. Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Қоғамның жалғыз акционерінің шешімімен айқындалады. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі жалғыз акционер оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.
36. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада

- Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.
37. Басқарма Төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.
  38. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шектеусіз рет қайта сайлана алады.
  39. Директорлар кеңесінің мүшесі Заңға және (немесе) осы жарғыға сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.
  40. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органмен келісілуі тиіс.
  41. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы сайланады. Директорлар кеңесі кез келген уақытта директорлар Кеңесінің Төрағасын қайта сайлауға құқылы.
  42. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ осы жарғыда белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.
  43. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.
  44. Директорлар кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі. Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесі немесе Басқарма Төрағасының бастамасы бойынша не төмендегілердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін:
    - 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
    - 2) ішкі аудит қызметінің;
    - 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
    - 4) жалғыз акционердің.
  45. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны туралы мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі болуы тиіс.
  46. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарлама осы отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қоса бере отырып, Директорлар кеңесінің мүшелеріне осы отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде үш күн бұрын, Қоғамның ішкі құжаттарында Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаны жіберудің өзге мерзімдері белгіленген жағдайларды және Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама мерзімі туындаған кезде қысқартылуы және үш күннен кем болмауы мүмкін



жағдайларды қоспағанда, жіберіледі.

Директорлар кеңесінің дереу қарауын талап ететін жағдайды айқындауды Директорлар кеңесінің Төрағасы, немесе Басқарма Төрағасы немесе Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен бірін құрайтын Директорлар кеңесінің мүшелері жүргізеді.

47. Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның Басқармасын оның Директорлар кеңесінің отырысына қатысу мүмкін еместігі туралы алдын ала хабардар етуге міндетті.
48. Егер Директорлар кеңесінің отырысына Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, Директорлар кеңесі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы (оның ішінде отырыс өткізілетін жерде жоқ Директорлар кеңесінің мүшесін бір мәнді сәйкестендіруге және оның сөздері мен пайымдауларын, сондай-ақ ол қабылдайтын шешімдерді дұрыс қабылдауға мүмкіндік беретін дауыс зорайтқыш бейне немесе телефон байланысы арқылы).
49. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің барлық немесе жекелеген мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің хатшысына бюллетень ұсына отырып, осы мәселелер бойынша алдын ала дауыс беруге құқылы. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің алдын ала берілген дауысы осы отырысқа қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстарын есептеу кезінде, бұл дауыстың дауыс беруге жеке өзі қатыса алмайтын Директорлар кеңесінің осы отырысына қатысушы Директорлар кеңесінің қалған мүшелерінің пікірі бойынша бір мәнді және дәлелденген жағдайда ескеріледі.
50. Директорлар кеңесі отырысының кворумын есепке алуды Директорлар Кеңесінің Хатшысы осы отырыс басталар алдында және осы отырыс барысында жүзеге асырады.
51. Директорлар кеңесі отырысының кворумы жоспарланған күні мен уақытында болмаған кезде Директорлар кеңесінің қайта отырысы басқа күні және (немесе) басқа уақытта, Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада көрсетілген бастапқы күн тәртібімен өткізіледі. Директорлар кеңесінің қайталама отырысын өткізу күні мен уақыты осы отырысқа Директорлар кеңесі мүшелерінің ең көп саны қатыса алатындай етіп айқындалады. Бұл ретте Директорлар кеңесінің Хатшысы кез келген қолжетімді байланыс құралдарымен Директорлар кеңесінің мүшелерін оның отырысын қайта өткізу туралы хабардар етеді.
52. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар Кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.
53. Директорлар кеңесінің отырысында қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесі отырысының хаттамасымен ресімделеді, ол отырыс өткізілген күннен бастап жеті күн ішінде жасалуы және қол қойылуы тиіс.
54. Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы мынадай ақпаратты қамтиды:
  - 1) Қоғамның толық атауы және Қоғам Басқармасының орналасқан жері;

- 2) Директорлар кеңесінің отырысын өткізу күні, уақыты және орны;
  - 3) Директорлар кеңесінің отырысына қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
  - 4) отырыстың күн тәртібі;
  - 5) ұсынылған шешімдер, дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
  - 6) Директорлар кеңесінің отырысында қабылданған шешімдер;
  - 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.
55. Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына Директорлар кеңесінің Төрағасы не отырыста төрағалық етуші және Директорлар кеңесінің Хатшысы қол қояды.
56. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.
- Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруі өткізілген кезде директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
57. Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруі Директорлар Кеңесі Төрағасының бастамасы бойынша немесе Басқарманың бастамасы бойынша не осы Жарғының және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне сәйкес өзге тұлғалардың талап етуі бойынша жүргізіледі.
58. Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарламасында мыналар болуы тиіс:
- 1) сырттай дауыс беру өткізілетін мәселе;
  - 2) сырттай дауыс берудің аяқталу күні мен уақыты;
  - 3) Директорлар кеңесінің мүшелері қол қойылған бюллетеньдерді сырттай дауыс беру үшін жібере алатын Қоғамның мекенжайы, Директорлар кеңесі Хатшысының электрондық поштасының мекенжайы.
59. Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруі сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып жүргізіледі. Директорлар кеңесінің мүшелеріне бір мезгілде бірнеше мәселе сырттай дауыс беруге шығарылған жағдайда, мұндай дауыс беруге арналған бюллетеньдер осы мәселелердің әрқайсысы бойынша жеке жасалады.
60. Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруін өткізу туралы хабарламаны Директорлар кеңесінің Хатшысы Директорлар кеңесінің мүшелеріне толтырылған бюллетеньдерді қабылдау аяқталатын уақытқа дейін 16 жұмыс сағатынан кешіктірмей электрондық пошта арқылы жібереді.
- Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарламаға осындай дауыс беруге шығарылған мәселелер бойынша материалдар және сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер қоса беріледі.
61. Директорлар кеңесі дереу қарауды талап ететін жағдайларда Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарлама мерзімі қысқартылуы

және осы жарғының 60-тармағында белгіленген мерзімнен аз болуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің дереу қаралуын талап ететін жағдайды айқындауды Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма Төрағасы немесе Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен бірін құрайтын Директорлар кеңесінің мүшелері жүргізеді.

62. Директорлар кеңесінің мүшелері толтырған және қол қойған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер Директорлар кеңесінің Хатшысына беріледі. Директорлар кеңесінің мүшесі толтырған сырттай дауыс беруге арналған бюллетенде түзетулер, жөндеулер, өшірулер болмауы тиіс.
63. Дауыстарды санау кезінде Директорлар кеңесінің мүшесі сырттай дауыс беруге арналған бюллетенде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының біреуі ғана белгіленген мәселелер бойынша дауыстар ескеріледі.
64. Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруіне шығарылған мәселе, егер Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілігі Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруі арқылы осы мәселе бойынша шешім қабылдауға қарсылық білдірсе, оны Директорлар кеңесінің жақын арадағы отырысында қарау үшін ауыстырылады.
65. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарламада көрсетілген сырттай дауыс беру үшін толтырылған және қол қойылған бюллетеньдерді қабылдау аяқталатын уақыт басталғанға дейін Директорлар кеңесінің Хатшысына Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінен толтырылған және қол қойылған бюллетеньдер берілген болса, онда осы бюллетеньдер бойынша дауыс беру жабық болып есептеледі, ал осы бюллетеньдерде тұжырымдалған шешім дауыстарды санау аяқталған және осы бюллетеньдер бойынша сырттай дауыс беру қорытындылары шығарылған сәттен бастап саңды күшке ие болады (осы шешім үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстары осы шешімді қабылдау үшін жеткілікті санда берілген болса).  
Осы тармақтың бірінші абзацында көзделген жағдайда Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы Директорлар кеңесінің Хатшысы оған Директорлар кеңесінің мүшелері сырттай дауыс беру үшін толтырылған және қол қойылған барлық бюллетеньдердің соңғысы берілген күні жасауы тиіс.
66. Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру шешімі жазбаша түрде ресімделуі (Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беру қорытындылары туралы хаттама) және оған Директорлар кеңесінің Хатшысы мен Директорлар кеңесінің Төрағасы қол қоюы тиіс.

#### **11-бап. Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыреті**

67. Директорлар кеңесі Заңда және (немесе) осы жарғыда Қоғамның жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі осы жарғыға сәйкес Қоғамның жалғыз акционерінің немесе Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Қоғамның жалғыз акционерінің шешімдеріне қайшы

келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер шешу үшін Қоғам Басқармасына берілмейді.

68. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және қоғамның даму стратегиясын анықтау, Қоғамның жылдық бюджетін бекіту және оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
  - 2) акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жататын мәселелер бойынша қарау және шешім қабылдау үшін жалғыз акционер алдында өтініш беру туралы шешім қабылдау;
  - 3) Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
  - 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
  - 5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
  - 6) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
  - 7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
  - 8) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
  - 9) Басқарма басшысы мен мүшелеріне лауазымдық жалақы және еңбекақы және сыйлықақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;
  - 10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;
  - 11) Қоғамның корпоративтік хатшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйлықақы шарттарын анықтау;
  - 12) аудиторлық ұйымның қаржылық есептілік аудиті үшін, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
  - 13) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты, сондай-ақ Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

- 14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
  - 15) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;
  - 16) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
  - 17) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
  - 18) Қоғам туралы немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
  - 19) ірі мәмілелер жасау туралы шешімді Заңға сәйкес Қоғамның жалғыз акционері қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;
  - 20) Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын, Заңда және (немесе) осы жарғыда көзделген өзге де мәселелер.
69. Осы жарғының 68-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері осы жарғының 10-бабында белгіленген тәртіппен қабылданады.
70. Директорлар кеңесі:
- 1) лауазымды тұлғалар мен жалғыз акционер деңгейінде ықтимал мүдделер қақтығысын, оның ішінде Қоғамның меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалануды қадағалауы және мүмкіндігінше жоюы;
  - 2) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыруы тиіс.
71. Директорлар кеңесі стратегиялық жоспарлау, кадрлар мен сыйлықақылар, ішкі аудит, әлеуметтік мәселелер мәселелерін қарау үшін міндетті түрде Директорлар кеңесінің мынадай комитеттерін қалыптастырады:
- 1) Директорлар кеңесінің Стратегия, тәуекелдер, кадрлар, сыйлықақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті;
  - 2) Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті.
- Директорлар кеңесінің комитеттері тек қана Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұруы тиіс болып табылатын Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетін қоспағанда, нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар Директорлар кеңесінің мүшелерінен және сарапшылардан тұрады.
72. Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы мен құзыреті Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

**12-бап. Басқарма**

73. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын Қоғамның алқалы атқарушы органы Басқарма болып табылады. Қоғам Басқармасы Басқарма Төрағасынан және Қоғам Басқармасының мүшелерінен тұрады. Басқарманың сандық және дербес құрамын Қоғамның Директорлар кеңесі айқындайды.
74. Басқарма Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы жарғыда белгіленген тәртіппен Директорлар Кеңесі құрылады. Басқарма құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.
75. Басқарма Заңмен, өзге де заң актілерімен және осы жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.
76. Басқарма жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті. Басқарма жалғыз акционерге және Директорлар кеңесіне есеп береді және олардың алдында Қоғамның қызметі үшін және осы органдар Басқармаға жүктеген міндеттемелер мен тапсырмалардың орындалуы үшін жауапты болады.
77. Басқарма мүшесі болып тек жеке тұлға сайлана алады. Басқарма мүшесі Директорлар кеңесі және (немесе) Қоғамның жалғыз акционері ұсынған (ұсынған) тұлғалар арасынан сайланады.
78. Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелеріне сайланған тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органмен келісілуге жатады.
79. Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің Қоғам мен оның жалғыз акционерінің мүддесінде әрекет етуі, мінсіз іскерлік беделі болуы, Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық ету үшін қажетті кәсіби біліктілігі болуы, Қоғам қызметі саласында да, басқару саласында да арнайы білімі болуы, сондай-ақ өздеріне жүктелген міндеттерді тиісінше орындауы тиіс.
80. Қоғам атынан Басқарма Төрағасымен еңбек шартына Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе осыған Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың басқа мүшелерімен еңбек шарттарын Қоғам атынан Басқарма Төрағасы жасайды.
81. Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, осы жарғымен, сондай-ақ аталған тұлғаның Қоғаммен жасасатын еңбек шартымен айқындалады.
82. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен Басқарманың кез келген мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.
83. Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы.
84. Басқарма қажеттілігіне қарай Басқарма төрағасы не оны алмастыратын тұлға немесе оның мүшелерінің кемінде үштен бірінің талап етуі бойынша шақырылады.

85. Басқарма отырысын өткізу үшін кворум отырысқа Басқарма Төрағасы немесе бұйрыққа сәйкес оның міндетін атқарушы тұлға қатысқан жағдайда Басқарма мүшелері санының кемінде жартысының қатысуы болып табылады.
86. Басқарма отырыстарын жүргізуді Басқарма төрағасы не оның міндетін атқарушы тұлға жүзеге асырады.
87. Басқарма отырысына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер отырысқа қатысатын Басқарма мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.  
Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
88. Басқарманың шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысып отырған Басқарма мүшелерінің барлығы қол қоюы тиіс және онда дауыс беруге қойылған мәселелер, әрбір мәселе бойынша Басқарманың әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелерін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары болуы тиіс.
89. Басқарма отырыстарының хаттамаларын жүргізуді Басқарма хатшысы жүзеге асырады. Басқарма шешімімен келіспеген жағдайда Басқарма мүшесі талап етуге құқылы, ал Басқарма хатшысы хаттамаға ерекше пікірді енгізуге міндетті.

### **13-бап. Басқарма Төрағасы**

90. Басқарма Төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесімен сайланады және Қоғам қызметіне жедел басшылықты жүзеге асырады.
91. Басқарма Төрағасы келесі атқарымдарды жүзеге асырады:
  - 1) Қоғам Басқармасының жұмысын ұйымдастырады;
  - 2) Қоғамның жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
  - 3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
  - 4) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғамның атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
  - 5) Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғам қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза тартқызады, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының және жалақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Қоғамның Басқармасы мен Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлері сыйлықақыларының мөлшерін айқындайды;
  - 6) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
  - 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделген тәртіппен қоғамның мүлкі мен қаражатына иелік етеді;
  - 8) Қоғам Басқармасының мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттілік

және жауапкершілік салаларын бөледі;

- 9) осы жарғыда және Қоғамның жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

#### **6-тарау. Ақпаратты ашу тәртібі**

##### **14-бап. Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесі және Қоғам Басқармасы мүшелерінің өзінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты беру тәртібі**

92. Жалғыз акционер, Директорлар кеңесінің мүшелері және Қоғам Басқармасының мүшелері:

- 1) ірі акционер, Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма мүшесі мәртебесін алған сәттен бастап 7 (жеті) күн ішінде Қоғамның комплаенс-бақылау қызметіне өзінің үлестес тұлғалары туралы ақпарат беруге;
- 2) мұндай ақпарат өзгерген/толықтырылған жағдайда 7 (жеті) күннен кешіктірмей осындай өзгерістерді/толықтыруларды көрсете отырып, Қоғамның комплаенс-бақылау қызметіне жазбаша хабарлама (сауалнама) жіберуге міндетті.

93. Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.

##### **15-бап. Қоғамның қызметі туралы ақпаратты беру тәртібі**

94. Эмиссиялық бағалы қағаздар айналымы кезеңінде Қоғам "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдеріндегі ақпаратты ашуды жүзеге асыруға міндетті, оның ішінде:

- 1) Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат;
- 2) жыл қорытындысы бойынша Қоғамның Басқарма мүшелері сыйлықақысының жиынтық мөлшері туралы ақпарат;
- 3) Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;
- 4) Қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп процентін иеленетін акционерлердің құрамы;
- 5) Қоғам әрбір осындай ұйым акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан да көп пайызын иеленетін ұйымдардың тізімі;
- 6) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі және Қоғамның аудиторлық есептері;
- 7) оған енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ескере отырып, Қоғамның эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару аңдатпасы;
- 8) акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есеп;
- 9) Қоғам ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесі.



95. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.
96. Қоғамның ақпаратты ашу тәртібі, Қоғамның ашуға жататын ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ Қоғамның қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты ашу мерзімдері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.
97. Қоғамның қызметі туралы ақпарат жалғыз акционердің назарына осындай ақпаратты Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында орналастыру арқылы немесе Қоғамның жалғыз акционерінің жазбаша сауалына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген мерзімде жазбаша жауап түрінде жеткізіледі.
98. Қоғамның қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсымен қатар Қоғам, Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсы қолданулы мүмкін. 99. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша Қоғам оған Заңда көзделген құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті. Жалғыз акционер ақпарат алу мақсатында Қоғам Басқармасына жазбаша түрде жүгінеді. Жалғыз акционердің өтініші Қоғамның кіріс құжаттарын есепке алу журналында тіркелуі тиіс. Қоғам Жалғыз акционерге талап етілетін ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шектеулерді ескере отырып, осындай талап Қоғамға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей беруге міндетті.

### **7-тарау. Қоғам қызметін тоқтату шарттары**

#### **16-бап. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату**

100. Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) жалғыз акционердің шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
101. Қоғам жалғыз акционердің шешімі бойынша (ерікті түрде тарату) не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен сот шешімі бойынша (мәжбүрлеп тарату) таратылуы мүмкін.
102. Қоғам ерікті түрде таратылған кезде жалғыз акционер тарату комиссиясын тағайындайды, оған Қоғамның мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер ауысады.

### **8-тарау. Қорытынды ережелер**

#### **18-бап. Қоғам жарғысы ережелерінің жарамдылығы**

103. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруі нәтижесінде осы жарғының жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келсе, бұл ережелер жарғыға тиісті өзгерістер енгізусіз автоматты түрде күшін жояды. Егер

**"Halyk Global Markets" акционерлік қоғамының жарғысы  
("Қазақстан Халық Банкі" АҚ еншілес ұйымы)**

---

осы жарғы ережелерінің бірі жарамсыз болса, бұл жарғының қалған ережелерін қозғамайды. Жарғының жарамсыз ережесі заңды жол берілетін және тиісті қатынасты реттейтін ережелермен ауыстырылады.

- 104. Осы жарғымен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.
- 105. Осы жарғы тіркеуші орган Қоғамды мемлекеттік қайта тіркеген сәттен бастап күшіне енеді.

Қоғамның жалғыз акционерінің шешімімен Қоғамның жарғысына қол қоюға уәкілетті тұлға

*Рақсатбек Мамқас*

Т.А.Ә.

(қолы)

**УТВЕРЖДЕН**  
решением единственного акционера  
(протокол заочного заседания Совета  
директоров АО "Народный Банк  
Казахстана"  
от 01 июня 2020 года № 39)

**УСТАВ**  
акционерного общества  
"Halyk Global Markets"  
(дочерняя организация АО "Народный Банк Казахстана")

Настоящий устав акционерного общества "Halyk Global Markets" (дочерняя организация АО "Народный Банк Казахстана"), далее – Общество, определяет его наименование, место нахождения, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан, и заменяет собой устав Общества, утвержденный решением единственного акционера Общества (протокол Совета директоров АО "Казкоммерцбанк" от 31 мая 2018 года № 5.9).

Прежнее наименование Общества – акционерное общество "Казкоммерц Секьюритиз" (дочерняя организация АО "Казкоммерцбанк").

## **Глава 1. Общие положения**

### **Статья 1. Наименование Общества**

1. Полное наименование Общества:
  - 1) на казахском языке: "Halyk Global Markets" акционерлік қоғамы ("Қазақстан Халық Банкі" АҚ-ның еншілес ұйымы);
  - 2) на русском языке: акционерное общество "Halyk Global Markets" (дочерняя организация АО "Народный Банк Казахстана");
  - 3) на английском языке: Joint-Stock Company Halyk Global Markets (Subsidiary of JSC Halyk Bank).
2. Сокращенное наименование Общества:
  - 1) на казахском языке: "Halyk Global Markets" АҚ;
  - 2) на русском языке: АО "Halyk Global Markets";
  - 3) на английском языке: JSC Halyk Global Markets.

### **Статья 2. Место нахождения исполнительного органа Общества**

3. Место нахождения исполнительного органа Общества – Республика Казахстан, А26F8D4, г. Алматы, Медеуский район, проспект Нурсултана Назарбаева, дом 240 Г.

### **Статья 3. Правовой статус Общества**

4. Правовой статус Общества определяется государственной регистрацией Общества в качестве юридического лица и наличием лицензии уполномоченного органа на осуществление деятельности на рынке ценных бумаг.
5. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, законом Республики Казахстан "Об акционерных обществах" (далее – Закон), законом Республики Казахстан "О рынке ценных бумаг", иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим уставом и иными внутренними документами Общества.

## Глава 2. Цель и виды деятельности Общества

### Статья 4. Виды деятельности Общества

